

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ИСЛАМ: ДАМУ БАРЫСЫ МЕН БОЛАШАҒЫ



Қазіргі әлемдегі исламның өркендеуі, ислам елдерінің әлемдік қауымдастыққа интеграциялануы, мемлекет пен діннің арақатынасы, ислам әлеміндегі саясат пен экономиканың өзекті мәселелерін қарастыру мақсатында 19-22 сәуір аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазіргі әлемдегі ислам: даму барысы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми симпозиум өтті.

Бұл әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезі қарсаңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Мармара университеті (Түркия), сонымен бірге, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті бірлесіп ұйымдастырып отырған симпозиум. Халықаралық жиында

исламдағы қазіргі кезеңдегі ағымдар мен әлеуметтік-экономикалық модернизация үдерістері, жаңа жаһандық мүмкіндіктер мен қауіптер жайында ислам елдеріндегі мемлекет және азаматтық қоғам дамуының мүмкін сценарийлері мен модельдері, ислам әлеміндегі әлеуметтік қатынастарды

үйлесімді өрбіту мен дағдарысты жағдайды жеңу модельдерін іздеу жолдары талқыға түсті.

Симпозиумда алғаш сөз алған ҚазҰУ-дың Ғылыми инновациялық-жұмыс жөніндегі проректоры Т.С. Рамазанов: «Бүгінде Қазақстан халқының жартысынан көбін ислам дінінің өкілдері құрайды. Сондықтан, ислам діні мен ислам мәдениеті еліміз үшін ерекше мәнге ие. 2003 жылдан бастап Қазақстанда бүкіләлемдік діндер және дін басшыларының съездері дәстүрлі түрде өтіп тұрады. Әл-

Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де дәуір тынысына өзіндік үнін қосып, өзекті мәселелерден қалыс қалмайды. Былтырдан бері білім ордасында дінтануға арналған зерттеу орталықтары құрылып, онда белгілі ғалымдар мен шетелдік мамандар қызмет ететін орталыққа айналған. Осының бір куәсі ретінде «Қазіргі әлемдегі ислам: даму барысы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми симпозиумға келген қонақтарды айтуға болады», - деді. Сондай-ақ, Т.С. Рамазанов өз сөзінде Елбасымыз Қазақстанның ұлттаралық және дінаралық саясатын әрқашанда бейбіт жағдайда сақтауға ерекше назар аударатынын айта келе, Қазақстандағы діни жағдайға ғылыми түрде дұрыс баға беру керек дегенді алға тартты.

Құттықтау сөз сөйлеген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Бас мүфтиінің орынбасары Мұхаммед Асамбеков «ислам әрқашан бейбітшілікті бейнелейтін, әділдікті ту ететін мықты дін ретінде көрініске ие» десе, Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының бастығы Бақтияр Мәкен 1991 жылдан бастап 2011 жылға дейін Алматы қаласында діни бірлестіктер саны 254-ке жетіп, 20 жыл ішінде 36 есе өскенін атап өтті.

(Жалғасы 3-бетте)

ФОРУМ

Өзін-өзі басқару - үлкен жауапкершілік

Студенттік өмірдегі жастардың өзін-өзі басқару деңгейі қандай? Болашақтың иесі - жастар елімізді бәсекеге қабілетті дамыған елдердің төріне шығаруда өздеріне жүктелер жауапкершілікті сезінуі қаншалықты? Осындай өзекті тақырыптарды арқау еткен халықаралық жастар жиыны 20-21 сәуір аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде орын алды.



«ЖОО және аймақтардағы жастардың өзін-өзі басқару ұйымдары дамығанындағы студенттік қоғамдық бірлестіктердің рөлі» атты II халықаралық студенттік форумға ТМД мен Еуропа елдерінің жоғары оқу орындарының студенттік ұйымдары, студенттік кәсіподақтарының көшбасшылары және түрлі халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Студенттік форумға арнайы келген ҚР Білім және ғылым министрлігі қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Майра Амантаева өз сөзінде «біздің негізгі мақсатымыз жастарға дұрыс білім беру, болашақта бәсекеге қабілетті

маман тәрбиелеуде жастарға қолдау көрсету» дейді. Кәсіподақ жастардың талаптарына сай жұмыс жасап, әрқашан көмек көрсетуге даяр екендігін де жасырмады. Бұл ретте «Дипломмен ауылға» жастарға арналған жобаны ерекше атады. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Білім берудің негізгі жемісі болып, инновациялық қабілет, бай тәжірибе, кәсіптік білім мен құзырлық жатады. Олар әлемдік қағынастағы мемлекеттің бәсекеге қабілеттігін көрсетеді» деп атағандай, кәсіби білікті маман болып шығу үшін жастарға мемлекет тарапынан қолдау көп.

(Жалғасы 3-бетте)

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Өзін-өзі басқару - үлкен жауапкершілік. Студенттер өзін-өзі басқара отырып, өздеріне үлкен міндет алады. Және сол міндеттерді мұндай ұйымдар арқылы өздері шешеді. Әр елдегі жастар өзін-өзі басқаруды жүйелі атқарса қоғамда шешімін таппаған мәселелер де болмайды».

БҮГІНГІ САНДА:

«100 кітап»
апталығы өтеді



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

Өнер ұжымдарының
жүздесуі



6-бет

БҮГІНГІ САНДА:

Түркі тілдес елдердің
Википедиялары
Қазақстанда
бас қосты



7-бет

«Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпаздары – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры грантын иеленді

20 сәуір күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мәжіліс залында оқушылар арасында өтетін, дәстүрге айналған «Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпаздары марапатталды.



«Әл-Фараби» олимпиадасы Қазақстан Республикасы аумағында ғана емес, сондай-ақ алыс және жақын шет елдерде де кеңінен танымал бола бастаған. Өзінің төрт жылдық тарихында бұл олимпиадаға 40 мыңнан астам жоғары сынып оқушысы қатысып, бағын сынады. Ауқымды мега-жобаның негізін бүгінгі ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры қызметінде жүргенде қалаған. Игі істің ізін жалғаушы ҚазҰУ университетінің бүгінгі ректоры Ғалым Мұтанов жеңімпаздарды марапаттау барысында «Әл-Фараби» 2012 олимпиада жеңімпаздарын шын жүректен құттықтап, олар үлкен сында сүрінбей өтіп «Жүзден жүйрік мыңнан тұлпар» екендіктерің дәлелдегендерін алға тартып, биылғы олимпиаданың өтуіне жаңа рең берілгенін, екі кезенді қамтығанын айтты.

«Әл-Фараби» олимпиадасына онлайн тіркелу 2011 жылдың 1 қарашасы мен 2012 жылдың 5 ақпан аралығында университет сайтында жүргізілген. Тіркелушілер саны он жеті мыңнан асады. Ал 2012 жылдың 6-8 ақпан аралығында олимпиаданың бірінші кезені өтті. Мұнда ҚР-дың барлық об-

лыстарынан, Астана және Алматы қалаларынан 10-11 сынып оқушылары қатысқан. Нәтижесінде жеті мыңнан аса қатысушы оқушының үш мыңнан астамы жоғары көрсеткіш байқатқан. Ал 19-23 ақпан аралығын қамтыған олимпиаданың екінші кезені ҚР-дың аудандарында, Астанада өткен. Мұнда ҚР-дың барлық облысы бойынша және Астана, Алматы қалалары бойынша үш мыңға жуық үміткер қатысып, нәтижесінде 1, 2, 3 орын иеленген жеңімпаздар белгілі болды.

Сонымен салтанатты марапатта олимпиадада жүлделі 3-ші орын иеленген жеңімпаздарды ҚазҰУ Академиялық сұрақтар жөніндегі департамент директоры Айгүл Сағындыққызы марапаттады. Ал 2-ші орын иегерлерін «Дарын» республикалық ұлттық тә-

жірибе орталығының өкілі Альбина Әбдіжаппарқызы, ал жүлделі 1-ші орын иегерлерін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, академик Ғ. Мұтанұлы марапаттап, университет сертификаты мен сыйлықтар табыстады.

«Әл-Фараби-2012» олимпиадасының 1-ші орын жүлдегерлері атанған 12 студент ҚазҰУ ректоры грантын иеленсе, 2-ші орын иегері атанған 12 студент - оқу төлем ақысына - 50% жеңілдікке, ал 3 орын иеленген 12 студент те оқу төлем ақысына 25% арнайы жеңілдік иеленді. «Әл-Фараби-2012» олимпиадасы жеңімпаздарының толық аты-жөні www.kaznu.kz сайтында жарияланады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

БАСҚОСУ

«ҒАРЫШ КӨШПЕНДІСІ»

Қазақстанның ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы, Талғат Мұсабаев еліміздегі ғарыштық индустрияның даму бағытына баса көңіл аудармақ, «Отаным маған бәрін берді, енді мен Отанымға алғанымды қайтаруым керек» деп есептейді ғарышкер. Еліміздің ғарыш саласын дамытуға байланысты мұндай ойлар «Ғарыш көшпендісі» атты Талғат Мұсабаевтың өмір жолы туралы фильмге негіз болған.



1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Қарғалы ауылында дүниеге келген. Бар ғұмырын ғарыш саласына арнаған. Т. Мұсабаев ғарышта 1 жыл уақыт көлемінде болған алғашқы ғарышкер. Ғарышқа өзімен бірге еліміздің көгілдір туын, қасиетті Құран кітабын және Байқоңырдың бір уыс топырағын алып ұшқан Т. Мұсабаев Қазақстанның Халық Қаһарманы, Ресей және Қазақстан ба-тыры, техника ғылымдарының докторы. Фильмде Талғат Мұсабаев: «Менің ғарышқа ұшуыма тікелей септігін тигізген бірден-бір тұлға ол – Президент Н. Назарбаев» деп толғанады.

Кездесуде Сара Қабикызы Елбасы ғарыш саласын дамытуға қолдау көрсетіп, оған ерекше назар аударып келетіндігін деерекше атап өтті. Сондай-ақ, Алматы әуежайы маңынан үлкен ғарыш орталығы салынып жатқанын және жоба жоспар бойынша 2016 жылы аяқталуы тиіс деді. Байқоңыр айлағындағы арнаулы тілшісі Нұрғалиева Сара өз сөзінде «Ғарыш көшпендісі» фильмі 33 жыл бойы ғарыш саласында жинаған материалдарының нәтижесі екендігін айтып, сонымен қатар, студенттердің сауалдарына тыңғылықты жауап берді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Бағыт – халықаралық деңгейде

ҚР «Білім туралы» заңында және басқа да құжаттарда көрсетілгендей, әр бес жыл сайын келетін жоспарлы мемлекеттік аттестацияның кезекті уақыты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 23-30 сәуір аралығында жүреді. Бұл туралы 23 сәуірдегі Ғылыми кеңес пен ректораттың біріктірілген мәжілісінде Аттестациялық комиссия жұмысының жоспар-кестесін таныстыру барысында комиссия төрағасы Зұлфұхар Сұлтанұлы мәлім етті.

Аттестациялық комиссиясының мүшелері Назарбаев Университеті, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, ҚБТУ, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Астана медицина университеті, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, ОҚ Педагогикалық университеті, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Қарағанды мемлекеттік индустриялық университеті, Инновациялық Еуразиялық университеті, Рудный индустриалдық институты, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Тараз мемлекеттік университеті, Алматы энергетика және байланыс университеті, Қазақ спорт және туризм академиясы, ҚазГЗУ және Ұлттық тестлеу орталығы қызметкерлері, оқытушылары мен профессорлары бар. Осы орайда, ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев: «ҚазҰУ – білім мен ғылымның әбден қайнаған ортасы. Халықаралық аккредитация алу кезеңінде тұрған университет», - деп атады. Мұндай жетістіктерді ескерер болсақ, бұл аттестация ҚазҰУ үшін соңғы болмақ.

Бүгінгі отырыста әдеттегідей, қоғамдық өмірде белсенділік танытып жүрген студенттерді және байқауларда жеңіспен оралғандарды, ғылымда жетістікке жеткен ізденушілерді марапаттау жалғасын тапты. Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының ұйымдастыруымен Қытайда өткен байқауда экономика және бизнес жоғары мектебінің 3 курс студенті Акерке Құрал қазақтың «Ең лайықты» аруы деп танылып, алтын тәжге ие болған. Жоғары оқу орындары студенттері арасында ұйымдастырылған «Қазақ тілі» олимпиадасында бас жүлдені «Достық» тобы, екінші орынды «Өрлеу» тобы иеленген.

Сондай-ақ үздік те озат студенттерге шәкіртақы табыстау рәсімі де орын алды. «Қазақстан-Zaman» халықаралық газетінің директоры Ахмет Аяз Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының 1 курс студенті Зерделі Есентаеваға басылымның он айлық шәкіртақысын тағайындаса, осы кафедраның 1 курс студенттері Ғазиза Кішібаеваға және Рауан Қайдаровқа мемлекет және қоғам қайраткері, публицист-ұстаз К.С. Смайлов әулеті атынан қарындасы, профессор Ғ. Әділдина шәкіртақы ұсынды.

ҚазҰУ-да атқарылып жатқан әр шара ғылым мен білімді дамытуға, жетістіктерді арттыруға, халықаралық жоғары оқу орындары рейтингінде алдыңғы саптан орын алуға бағытталған. Өз кезегінде мұндай дәрежеге жетуге барлық жағдай жасалынған.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

кеңесшісі, «Байқоңыр» ғарыш айлағындағы «ҚазАқпарат» ҰАА арнаулы тілшісі Нұрғалиева Сара Қабикызы келіп «Ғарыш көшпендісі» фильмі туралы ой бөлісті.

17 сәуір күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінде Ұлттық ғарыш агенттігінің баспасөз хатшысы, «Қазақстан ғарыш сапары» Ұлттық компаниясы президентінің

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ИСЛАМ: ДАМУ БАРЫСЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

(Басы 1-бетте)

Алматыда бұрын бір ғана мешіт болса, қазір 33 мешіт қала халқы үшін қызмет жасайды екен. Былтырдан бері діни қарым-қатынастарды жетілдіру мақсатында «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы жаңа заң қабылданған. Бұл заң қаладағы бірлестік емес діни қатынастарды реттейді.

Ал Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Садин Айылдыз Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынасқа тоқталып, «рухани салада да мұсылман халқы ретінде өмір кешкен екі ел достастығы өз нәтижесін беруде» деп атады. Бүгінде қай сала болмасын барлық ғылымдардың басында дін тұрғандығын тілге тиек еткен ол, «ғылымды жақсы менгерген адам — дінді толық түсінетін адам». Сондықтан, «Дін — ғылымдардың атасы», - деген ой қорытындылады. Келешек ұрпақтың ғылыми саладағы маңызды зерттеулері дін саласындағы жетістігі. Яғни, «ғылымдардың жиынтығы — дін» деп есептейді Садин Айылдыз.

Әлемді діни ағымдардың пайда болуы, діннің атын жамылып басқа мақсатта пайдалану, дінді саясиландырып отырған жағдайлар әлемді аландатып отырғаны жасырын емес. Осы орайда дін — бейбітшіліктің, ізгіліктің, әділеттіліктің және басқа діндермен толеранттылық

қарым-қатынастың өзегі болу керек деп мәселе қозғаған Философия және саясаттану институты Дінтану бөлімінің меңгерушісі Бақытжан Сәттершинов аталмыш институтта ашылған дінтану бөлімі негізгі 3 бағытта жұмыс жасайтындығын айтып өтті. Яғни орталық, біріншіден, діннің теориялық-әдістемелік мәселелерімен айналысса, екіншіден, мемлекеттің дінаралық қатынасы қандай болу керек деген тақырыпты зерттесе, үшінші бағытта тікелей исламтану бағытымен айналысады.

Діннің бағыты емес, дін мен су арасындағы екі негізгі байланысқа тоқталған 29 май университетінің ректоры Доктор Ибрахим Кафи Донмез «қай қоғамда болмасын су қаншалықты қажет болса, сол сияқты дін де су секілді қажет. Ислам діні — суды соңғы пайғамбар ретінде жіберген. Ағып жатқан су адамзат баласына, яғни қоныстанып отырған елге зардап тигізетін болса — қайғы. Ал зардабын тигізбейтін болса, ол — мейірім. Ағын су қаншалықты лай болса, оны тазартудың жолын, яғни діннің тазалығын сақтап қалу жолын іздеуіміз қажет», - дегенді алға тартты.

«Қазақстанда қазіргі кезде діни жаңғырудың көріністері үлкен мәнге ие. Біз әлемді мүмкін жаңа технологиядан таныта алмаспыз, дегенмен еліміздегі дінаралық келісім мен рухани байлығымызбен, мәдениетімізбен таңқалдыруымыз мүмкін. Сол себептен де симпозиумның мақсаты



исламдық діни жағдайға баға беру», - дейді ҚазҰУ-дың дінтану және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Айнұр Дүрбеленқызы. Ғалымдардың айтуынша, тәуелсіздік жылдарында елімізде діни жаңғыру болды. 2011 жылы дінтану деген пән оқу бағдарламасына енгізілді. Дінаралық келісімді, қоғамды тыныштандыратын «экстремизм» мен «терроризмді» исламдық бағыттағы ағымдармен байланыстырып айтады. Қоғамдық санада «экстремизм

пен терроризм тек қана исламға байланысты ма?» деген ой қалыптасқан. Әрине, дін — экстремизм де, терроризм де емес дейді симпозиум қатысушылары. Сондай-ақ, Мармара университеті теология факультетінің профессорлары Доктор Шейх Али, Доктор Омер Фарук Харман және ҚазҰУ профессорлары Нағима Байтенова, Бағдат Бейсенов сияқты ғалымдар сөз сөйлеп, баяндамалар жасады.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ФОРУМ

Өзін-өзі басқару - үлкен жауапкершілік

(Басы 1-бетте)

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы Ә.М. Қарақожаева «Студенттік өзін-өзі басқару және әлеуметтік серіктестіктегі студенттік кәсіподақтың рөлі» атты баяндамасында «жалынды жастардың басын қосып, тәжірибе алмасуға арналған жиын — студенттік өзін-өзі басқарудың, жастық жалын, ізденіс пен қарқынды ілгерілеудің тұрақты даму мектебі» дейді.

Студенттік басқарудың тарихына көз жүгіртетін болсақ, кеңес үкіметі ыдыраған соң, яғни комсомол институттары өз жұмыстарын тоқтатқаннан кейін, студенттік кәсіподақ студенттердің өзін-өзі басқарудың бірінші құрылымы болды. Еліміздегі студенттік кәсіподақтардың 35 жылдық тарихы бар. Осы 35 жылдық тарихтың ішіндегі ҚазҰУ-дың «Сұңқар» студенттер кәсіподағы 1999 жылдан бері құрылып, өз жұмысын бүгінге дейін атқарып келеді. Мақсаты мен міндеті өзіндік ерекшеліктерге ие студенттік өзін-өзі басқарудың даму жүйесі қалыптасқан белсенді үштіктен құралады. Үштіктер қатарында топ басы, кәсіптік және қоғамдық ұйымдастырушылар бар. Осы кәсіптік ұйымдастырушылардың барлығы студенттік өзін-өзі басқаруды күннен-күнге дамытып келеді.

Азаматтық қоғамның дамуындағы ең басты факторлардың бірі — әріптестік мәселесі. Әріптестік қатынастың өзінде демократияның нағыз дамуы көрініс табады. Қазіргі кезде университет жұмысының

қай саласында болмасын қолданысқа еніп келе жатқан әлеуметтік әріптестік бағдарламасы студенттің өзін-өзі басқару құқығының дамуына өте қолайлы жағдай туғызды. Әлеуметтік әріптестік университет басшылығымен ғана емес, студент өзара серіктестігінде де дамуда. Бұл орайда университетте «Студенттің ар-намыс кодексі» өз



қызметін атқарады. Сонымен қатар ҚазҰУ-да жана сапалы кезең басталды десек артық болмас. Себебі жаңа, жеке тың идеялар жүзеге асуда. Бұл идеялардың бірін айта кетер болсақ, «Бизнес инкубатор» университеттің имиждік өнімдерін сақтау және университет өз студенттерін жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламасының тұрақты түрде орындалуы. Бұл ретте 250 студент университет қызметкері ретінде, 150 студент жаздық семестр құрылыс жасақтарының санында қызмет жасайды. Сондай-ақ, студенттерге

қолдау шәкіртақыларының тағайындалуы, студенттердің оқу ордасында білім нәрімен сусындауымен қатар, әлеуметтік жағдайы да онтайлы болуы, «Ең үздік студент отбасы», «Ең үздік студенттік топ», «Біз дұрыс тамақтандыруды қолдаймыз» атты шаралардың өткізілуі үлкен жетістіктердің жемісін көрсетеді.

Алматы қаласы Студенттер Альянсының вице-лидері Әділ Смағұлов республикалық жастар қозғалысы жайында сөз қозғады. Қазақстан студенттер Альянсы белсенді жастар ұйымы болып табылады. Негізгі қызметі студент-жастардың мәселесін анықтауға және шешуге, студенттерге әр түрлі қолдау көрсетуге, студенттерді белсенді қоғамдық өмірге тартуға арналған. Сонымен қатар, Әділ Смағұловтың айтуынша, Студенттер Альянсы халықтың қорғалмаған тобын қолдау бойынша қайырымдылық акцияларға

жастарды қатыстырады және ең негізгісі студент жастарға әрқашан қолдау көрсететін ұйым. «Болашақ үшін алға қадам басатын, мықты Қазақстанды қалыптастыратын бүгінгі жастар», - деді Ә. Смағұлов. Форумда Ягеллон университетінің сыртқы байланыстар жөніндегі директоры Виталий Бацула және Кишиневтағы АIESEC шетел іс-тәжірибе орталығының вице-президенті Эуджен Исак он-лайн жүйесі арқылы «Young and perspective» жобасымен бөлісті.

Форумның екінші күнінде «Заманауи университеттегі студенттік кәсіподақтардың даму болашағы мен қазіргі жағдайы» секциясы бойынша әр аймақтан келген университеттің студенттік ұйымдардың төрайымдары мен төрағалары баяндамалар жасады. «Жастар. Білім. Инновациялар», «Болон үдерісінің дамуына студенттік ұйымдардың әсері», «Азаматтық қоғамдағы жастардың қалыптасуындағы студенттік қоғамдық бірлестіктердің рөлі» атты секциялар бойынша да тың баяндамалар ұсынылды.

Бүгінде өзін-өзі басқарудың жаңаша қалыптасқан жүйесінің бірі ретінде жақында ғана ҚазҰУ-дың әр факультетінде студенттік декандардың тағайындалғандығын айта кеткен жөн. Осы көріністің өзі студенттерге деген сенімді білдірсе керек. Форумда «жастар жауапкершілігі жоғары» деп түйінделді. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов студенттердің белсенділігін жоғары бағалап, «сенімді ақтар жас толқын, аға буын үміті ақтап дамып келеді» деді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ШАРА

ЭТИКЕТ НОРМАЛАРЫН ҮЙРЕТЕДІ

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында жақында халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының жанынан құрылған «Инабат» рухани-мәдени орталығы (жетекшісі – доцент Б.Р. Құлжанова) мен «Тура би» шешендік клубының (жетекшісі – доцент Б. Ақбұзауова) ұйымдастыруымен «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы білім, ғылым жайлы ойлары» атты зияткерлік сұхбат өтті.



Халықаралық қатынастар факультеті студенттерінің бұл «Құтты білік» («Kutadgu bilig») шығармасын таңдап алуы кездейсоқ емес. Ежелгі түркі халықтары ата-бабаларының соңындағы ұрпағына қалдырған жауһар мұрасы XI ғасырдан бүгінгі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ. Дастан – тұғырлы мемлекет құру, ел басқару, қоғамдағы этикет нормалары туралы тұжырымды ойлар айтқан, түркі халықтары ұрпағына өмірдің қыр-сыры туралы құнды пікірлер қалдырған салмағы аса зор, түркі халықтарының абыройын асырған, түркі халықтары мәдениетінің соншалықты биік екенін бүкіл дүниеге паш еткен аса құнды шығарма.

Халықаралық қатынастар факультеті студенттері дастан туралы өз ойларын ортаға салып, слайдтар, баяндамалар, пікірталастар жасады. Студенттер сонау ілкі орта ғасырдан күнімізге жеткен дастандағы көтерілген тақырыптардың сан алуандығына тоқтала отырып, өз мамандықтарына қатысты тұстарына қатысты тереңірек ой қозғады. Ғұламаның білім, ғылым жайлы, ғалымдар жайлы айтқан ойларын жан-жақты талқылап, ел басқарған бек пен елшіге қатысты ұлағаттарына ерекше талдау жасады. Көне ғасыр мұрасында айтылған ойдың бүгінмен сәйкес келер тұстарын салыстырды. Орта ғасырлық ғұлама Жүсіп Баласағұн ойларын өз әлдерінше зерделеді. Пікірлерін көпшілікке ұсына отырып, жоғары деңгейдегі білім дәрежелерін көрсетті. Бұл сұхбатта факультетіміздің белді студенттері Алмас Қонарбаев, Бақытжан Сенкібаев, Айсұлу Мұхамеджанова, Диас Әскербеков, Динара Абдулманова, Мадина Рахимова, Әби Омаров, Айсұлу Сағымов, Қазына Байданова, Нұрлыайым Сейдаханова, Елнұр Мұратқызы, Нұргүл Жүнісова, Гүлжан Мұқышева өз білімдерімен ерекше көзге түсті. Олар Жүсіп Баласағұнның өмірі мен шығармашылығы бойынша ба-

яндамалар мен слайдтар әзірледі. Сұхбатты қорытындылау үшін «Тура би» шешендік өнер клубының мүшелері «Құтты білік» дастаны бойынша викториналық сұрақтар дайындап, сол сұрақтар негізінде студент-

«Инабат» рухани-мәдени орталығының өмірге келуіне дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі, профессор Алтынай Шайкенқызы Байтукаева мұрындық болды. Қазірде үйлестіруші ретінде орталықтың аяғынан тұрып кетуіне атсалысуда. Халықаралық қатынастар факультетінің деканы профессор Кәрімжан Нұрымұлы Шәкіров осы орталықтың кафедра жанынан ашылуына қолдаушы болды.

тер шығармамен қаншалықты таныс екенін көрсетті.

Зияткерлік сұхбатқа тәрбие бөлімінің жетекші мамандары Шынар Канафьева мен Әлия Тұрмаханбетова қатысты. Дипломатиялық аударма кафедрасы менгерушісінің оқу, тәрбие және әдістемелік істер жөніндегі орынбасары, доцент С.Б. Бөрібаева, доцент Б.Р. Құлжанова, доцент Б. Ақбұзауова, кафедраның аға оқытушылары Р. Тұмбаева, Г. Ахметалиева қатысып, дөңгелек үстелге белсене араласқан студенттерге өз ризашылықтарын білдірді. Дипломатиялық аударма кафедрасы менгерушісінің оқу, тәрбие жөніндегі орынбасары доцент С.Б. Бөрібаева кешті қорытындылап, ұстаздық тілегін білдірді. Сұхбат соңында оларға «Инабат» орталығы мен «Тура би» шешендік клубы атынан алғыс хаттар мен ынталандыру сыйлықтары берілді.

«Инабат» орталығының жетекшісі, доцент Б.Р. Құлжанова бұл дөңгелек үстел тақырыбының студент қауымы үшін қаншалықты маңызды екеніне тоқталып, болашақта да білім көзжиектерінің кенеюіне тілектестік білдірді.

«Кітап атын «Құтадғу Билиг» қойдым, Құтын тұтсын оқушым білікті ойдың, – деп ғұлама Жүсіп Баласағұнның өзі айтқандай, білім мен жақсы тәрбие ғана бізді жарқын болашаққа жеткізеді.

Бақытгүл ҚҰЛЖАНОВА,
халықаралық қатынастар факультеті дипломатиялық аударма кафедрасының доценті

АКЦИЯ

ЖОБА

«100 КІТАП» АПТАЛЫҒЫ ӨТЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2012 жылғы 23 сәуір күні Тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің ұйымдастыруымен жалпыуниверситеттік «100 кітап» апталығы басталды. Апталық 3 мамырға дейін жалғасады.

Апталықтың мақсаты университет ректоры Ф. Мұтановтың бастамасымен және барлық оқытушы-профессорлар тарапынан қолдау тапқан «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жоба аясында студенттердің кітапқа деген құштарлығын, қызығушылығын ояту, көркем шығармаларды оқуға дағдыландыру және талғамын қалыптастыру. Көркемсөз оқу шеберлігін дәріптеу, оның тәрбиелік мәнін ашу; нағыз шығармашылығы жоғары, білімді студентті табу; студенттің шығармашылық қабілетін арттыру.

Апталық барысында барлық факультеттерде «100 кітап» көшпелі көрмесі, жазушы Бексұлтан Нұржекеев және Қабдеш Жұмаділовпен кездесу, Сәкен Жүнісовтің «Аманай мен Заманай» романы бойынша түсірілген кинофильмді тамашалау және актриса Зәмзәгүл Досановамен кездесу; клубтар мен үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен әдеби кештер, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, әдеби туындылар бойынша әлеуметтік желідегі бейнероликтер байқауы өтеді.

Хакім Абай, данышпан Шәкәрім, жыр алыбы Жамбыл, алдаспан ақын Махамбет, әлемдік классиканың даразы сынды біртуар тұлғаларымыздың қаламынан қалған бай мұралар мен жалпы қазақ әдебиетінің, әлем әдебиетінің алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқуға жастарды тарту оң нәтиже берері сөзсіз.

Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент

Болашақ бүгіннен басталады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің «Сұңқар» студенттер кәсіподағының басшылығымен «Болашақ бүгіннен басталады» атты әлеуметтік жобасы №15 Алматы облыстық мектеп-интернатында 16 сәуірде өз жұмысы бастап кетті. Жоба аясындағы шаралар 27 сәуірге дейін жалғасады.

отырып, олардың білім деңгейін анықтау.

Жоба аясында №15 Алматы облыстық мектеп-интернатында өткен шарда өнерге бейім, дарынды балалар қатысты. «Болашақ бүгіннен басталады» атты халықаралық қатынастар факультетінің әлеуметтік жобасы үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – «Жұлдызды сәт». Мұнда

жоғары деңгейде екенін дәлелдеді. Екінші кезеңде балалардың білім деңгейін анықтау мақсатында интеллектуалды ойындар ойналды. Интеллектуалды ойын 3 кезең бойынша екі топ арасында өткізілді (1-ші топ 7-8 сыныптар арасында, 2-ші топ 9-11 сыныптар арасында). Бірінші кезеңде 9 оқушы іріктелініп алынып, 2-ші кезеңге 6 оқушы өтті. Үшінші кезеңде ең озат, үздік деген 3 оқушы қалып, олар жүлделі орынға жарысты. Ойынның сұрақтарын халықаралық қатынастар факультетінің білімді студенттері дайындады. Ойын қорытындысы бойынша жеңімпаз балаларға I, II, III жүлделі орындар берілді. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі және гала-концерт 26 сәуір күні өтеді. Халықаралық қатынастар факультетінің өнерлі жастары мен Чайковский атындағы музыкалық колледждің студенттері өнер көрсетеді. Халықаралық қатынастар факультетінің деканы К.Н. Шәкіров, деканның оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары К.Н. Әбдіхалықов, халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы А.И. Дәркенбаев және факультет кафедралары осы әлеуметтік жобаға қаржылай қолдау көрсетуде. Факультеттің қолдауына үлкен алғыс білдіреміз!



Әлеуметтік жобаның мақсаты мен міндеттері: балалардың білімге деген құштарлығын арттыру, бүлдіршіндердің шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасау, ән айту, би билеу, аспаптарда ойнау өнерін дамытуға ықпал жасау. Балаларды патриоттық сезімге, отансүйгіш қасиетке тәрбиелей


балалардың мәдени қабілеттілігін анықтау бас-ты талап болып табылады. Өнерлі балаларды іріктеу мақсатында П. Чайковский атындағы музыкалық колледжден және Т. Жүргенов атындағы өнер академиясынан әділқазылар алқасы төрелік етті. Балалар өз өнерлерін көрсетті және дайындықтарының

Әйгерім УАЛИХАНҚЫЗЫ

■ ЖОЛДАУ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ИРАН: БІЛІМ-ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Шығыстану факультетінің парсы тілі мен Иран тарихының оқытушылары Иран Ислам Республикасының елшілігі жанындағы Мәдени орталықтың директоры А. Сабери мырзаның басшылығымен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу мақсатында Иранға барып қайттық. Сапарымызға қолдау көрсеткені үшін университет басшылығына және Біліктілікті көтеру институтының директоры Б. Шәйкеновке алғыс білдіреміз.



Сапардың мақсаты ғылыми-зерттеу жұмыстарымызға байланысты кітаптармен, деректермен танысу және осы саланың мамандарымен пікір, тәжірибе алмасу болды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымыз «Мәдениет және ислам байланыстары» ұйымы басшылығымен Тегеран қаласында өтті. Осы ұйымның жолдамасымен Тегеран университетінің құқық және саяси ғылымдар факультетінде, Ұлттық кітапханада, Парсы тілі мен әдебиеті академиясында, Ирандағы Тегеран университетінен кейінгі екінші орынды иеленетін Алламе Табатабаи университетінде, Иран мәжілісінің кітапханасында болып, Иранның білім-ғылым саласында жүрген зиялы азаматтарымен танысып, қажетті материалдарымызды жинақтадық.

Ирандағы Аламе Табатабаи университетінде осы уақытта өтіп жатқан «Парсы тілін үйрету мәселелеріне байланысты» конференцияға қатысуға мүмкіндік алдық. Сондай-ақ «Мәдениет және ислам байланыстары» ұйымы Қазақстанмен мәдени және ғылым-білім саласындағы байланыстарды жоғары деңгейге көтеру мақсатында жиын ұйымдастырды. Ирандық мамандардың қатысуымен өткізілген осы жиында біз еліміздің тарихы, тілі, мәдениеті туралы мәліметтермен таныстырдық. Сондай-ақ Иранның университеттері мен ғылыми зерттеу орталықтарында Қазақстанды таны мақсатында қазақ тілін үйрету және

Қазақстан мен Иран Ислам Республикасы арасында дипломатиялық байланыстар 1992 жылы 29 қаңтарда орнатылды. Иран Ислам Республикасы - біздің еліміздің тәуелсіздігін алғашқы болып мойындаған мемлекеттердің бірі. Биыл екі елдің арасында дипломатиялық байланыстардың орнағанына 20 жыл толды. Осы жылдар аралығында Қазақстан-Иран арасында сауда-экономикалық байланыстармен қатар білім-ғылым саласындағы өзара байланыстар да дамыды. Әрине, бұл саладағы ынтымақтастықты дамытуда біздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіміздің өзіндік үлесі бар.



еліміздің тарихы мен мәдениетін оқыту қажеттігі туралы пікірмізді білдірдік. Бұл пікіріміз жиынға қатысушылар және орталық басқармасы тарапынан қолдау тапты. Осы мәселеге байланысты екі елдің бір-бірімен мамандар алмасуы туралы айтылды. Иран мамандары Қазақстанмен байланыстарды кеңейтуге қызығушылық танытты. Әрине, бұл ғылым-білім саласындағы ынтымақтастықтың шеңберін кеңейте түсетініне мүмкіндік береді.

Жалпы бұл елде өткізген екі апталық ғылыми-зерттеу жұмыстарымыз нәтижелі болды. Иран еліне жасаған осы сапарымыз нәтижесінде бұл ел туралы толыққан біліміміз бен кітап қорымызды қазіргі уақытта университеттегі оқу үдерісінде

және ғылыми жұмыстарымызда пайдаланудамыз.

Шығыстану факультетінде білім-ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту факультеттің негізі қаланған уақыттан басталды. Біздің университетіміз алғашқы болып Иранның жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық, өзара студент алмасуы туралы келісімге қол қойды. Шығыстану факультетінің парсы тілі және Иран тарихы бойынша маманданып жатқан студенттері осы келісім негізінде алғашқы рет 1992 жылы білімін жетілдіру мақсатында Тегеран университетіне оқуға жіберілді. Сол уақыттан бастап екі ел арасындағы білім-ғылым саласындағы ынтымақтастық кеңейе түсті. Әрине, бұл ынтымақтастықты дамытуға Иран да жоғары қызығушылық танытты және шығыстану факультетіне парсы тілі және Иран тарихы бойынша мамандар даярлауда және оқытушылардың білімін жетілдіру мақсатында да көптеген көмек көрсетті.

Түркітану және үндітану кафедрасының доценті З. ШАДКАМ, аға оқытушы Б. БАЗАРҚҰЛОВА

СЕМИНАР ■

АКЦИЯ ■

В ФОРМАТЕ ДИАЛОГА

На факультете истории, археологии и этнологии состоялся интерактивный семинар «Диалог культур». В мероприятии участвовали студенты, обучающихся по специальности «Музейное дело и охрана памятников», «Археология и этнология».

рии, теории и практике музейного дела, этнологии и археологии. Семинар также стал своеобразной отчетной встречей, на которой



История человечества - это диалог, который является средством осуществления коммуникационных связей и условием взаимопонимания людей. Диалог культур - основа и важная предпосылка для формирования и укрепления таких ценностей, как толерантность, уважение, взаимопомощь, милосердие.

Семинар проводился с целью формирования у студентов пред-

ставления о культурном многообразии как, важном условии самопознания человека: чем больше культур человек узнает, чем больше посетит стран и будет знать языки, тем богаче будет его духовный мир.

Студенческие команды представляли разные народы мира, рассказали об их традициях, обычаях и обрядах, а также ответили на вопросы, посвященные исто-

студенты закрепили теоретические знания. Кроме того, он способствовал привитию студентам навыков выступления перед аудиторией, расширению общего кругозора, умения вести диалог и работать в команде.

С.Х. ШАЛГИНБАЕВА,
к.и.н., доцент кафедры археологии, этнологии и музеологии

Затравка для посетителя

Накануне международной акции «Ночь музеев», которая традиционно проходит в середине мая, студенты и педагоги факультета истории, археологии и этнологии организовали семинар-тренинг «Музей XXI века». Спикеры обсуждали, как продемонстрировать ресурсы и возможности современных музеев и привлечь в них больше посетителей.

На семинаре студенты презентовали проекты «Идеальный музей», «Какой музей нужен нам сегодня», «Музей Космос», представили свое видение роли и образа музея в XXI веке. К примеру, второкурсники показали проект нового музея, включающий эскизы экспозиционных залов и рекреационных зон, описали маркетинговую стратегию и рекламные акции, необходимые для его продвижения.

Участники семинара отметили, что, увы, зачастую музеи не умеют заинтересовать публику, новые подходы в работе формируются трудно, а музейные работники не всегда мобильны и готовы к переменам. В итоге будущие специалисты пришли к выводу, что казахстанским музеям необходимо стать интерактивными в отношении посетителей, больше использовать возможности компьютерных технологий и интернета, организовывать яркие шоу, участвовать в международных акциях, чтобы стать узнаваемыми по всему миру.

P.S. Музей - учреждение, занимающееся собиранием, изучением, хранением и экспонированием предметов - памятников естественной истории, материальной и духовной культуры, а также просветительской и популяризаторской деятельностью.

Кафедра археологии, этнологии и музеологии

«WIKIBILIM» ҚазҰУ қонағы

Жақында «WIKIBILIM» қоғамдық қорының үйлестірушісі, ақпараттық технологиялар жөніндегі маман Нұрбек Матжани журналистика факультетінің Әлихан Бөкейханов атындағы «Экономикалық журналистика» клубында қонақта болып, студенттермен қызықты кездесу өткізді. Кездесу барысында біз Н. Матжанимен арнайы тілдескен едік.

- Нұрбек мырза, әйгілі «Википедия» жобасы туралы әңгімелеп берсеңіз.

- «Википедия» - әлемдегі ең танымал он интернет брендтің қатарында тұрған жалғыз қоғамдық үлгідегі веб-сайт. Бұл - ғаламтордың әлеуметтік қуатын айғақтаған алғашқы интеллектуалдық және коммерциялық емес жоба. BBC телекомпаниясы Википедияны «YouTube» және «Facebook»-пен қатар XXI ғасырдың ең танымал брендтерінің қатарына қосқан. «Википедия» энциклопедиясын ЮНЕСКО-ның қорғауындағы мәдени мұра қатарына қосу туралы бастама көтерілді. Бұл ұсыныс ғаламторда қызу талқылануда. Ұсыныс қолдау тапса, «Википедия» адамзат тарихындағы алғашқы сандық үлгідегі мәдени мұра болмақшы.

- Енді осы жобаның қазақ тілді бөлігінің дамуы туралы айтып өтсеңіз.

- Әлемнің 281 тілінде жұмыс істейтін «Википедия» энциклопедиясында 20 миллионға жуық мақала бар. Оның 3,7 миллионы ағылшын тілінде жазылған. Мақала саны миллиондық межеден асқан тағы екі тарау - неміс және француз тілдерінің үлесінде. Орыс тіліндегі мақалалардың саны - 780 мыңнан асқан. Алайда энциклопедияның қазақ тілді бөлімінің дамуы бертінге дейін кенже қалып келді.

Жоба 2011 жылдың маусымында басталды. Содан бергі аралықта Википедия энциклопедиясының қазақ тілді тарауындағы мақалалар саны 10 есеге өсіп, 100 мыңнан асты. Қазақша мақалалар жазатын және өндейтін ерікті редакторлар саны 4 адамнан 230 адамға дейін көбейді. Бұл жетістіктер халықаралық вики-қауымдастық тарапынан жоғары баға алды. Өткен жылғы тамыздың 4-і мен 7-сі аралығында Израильдің Хайфа қаласында өткен «Wikimania-2011» конференциясының қорытындысы бойынша Қазақстандық «WikiBilim» қоры «2011 жылдың ғаламдық википедияшысы» атағын иеленіп (Global Wikipedian of the Year), Википедияның негізін қалаушы Джимми Уейлстің (Jimmy Wales) арнайы грантын жеңіп алды.

- Қазақ тілді мазмұн көлемін көбейту мақсатында бәйге жарияланды дедіңіз. Енді осыған тоқталсаңыз.

- «Самрұқ-Қазына» ҰӘҚ-ның атынан жарияланған вики-бәйгеге 200-ден аса адам қатысуда. Оның шартына сай, Википедияға қазақ тілінде 100 мақала салған алғашқы 100 адам ноутбук компьютеріне ие болады. Сонымен қатар ашық дауыс беру арқылы үздік деп танылған 10 мақаланың авторы мен ең белсенді 40 ерікті редактор «NOKIA» компаниясы тарту еткен телефондарды иеленеді.

Жобаның мақсаты «википедияшылар» қауымдастығын құру арқылы энциклопедияның қазақ бөліміндегі мақалаларының саны мен сапасын жылдам көтеру, қазақ тілінің дамуы мен оның қолданыс аясының кенеюіне, әлеуметтік рөлінің артуына септік ету. Қай халықтың да тілі мен мәдениетінің дамуы ақпарат тарату технологияларының дамуымен тығыз байланысты екені аян. Осы орайда қазақ тілінің келешегі де ақпараттық дәуір көлденең тартқан жаңалықтарға икемделе алуына байланысты болмақ. Ол үшін мемлекеттік тілде заман талабына сай, жан-жақты контенттің болуы айрықша маңызды.

Энциклопедияға мақала жазу мен оны өңдеу тілге жанашыр және білімге құштар адамдардың қолы қалт еткенде айналысатын интеллектуалдық ермегіне айналса дейміз.

- Әңгіменізге рақмет!

Әңгімелескен,
Нұршапағат НЕСІПБАЕВ



ӨНЕР ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ЖҮЗДЕСУІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - білім мен ғылымның киелі мекені. Тарихы тереңнен тамыр алатын оқу орнында, білім саласымен қоса, студенттердің жеке тұлға ретінде қалыптасуына, танымдық қабілетінің жоғарылауына, әлемдік мәдениет деңгейін өз бойында тәрбиелеуге бағытталған көптеген іс-шараға ерекше көңіл бөлінеді.

Осы мақсатта 17 сәуір күні ҚазҰУ-да Астана қаласы «Жастар» театрының шығармашылық ұжымымен ҚазҰУ студенттерінің кездесуі өтті. Кездесуде жастар театрының режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрқанат Жакыпбайдың айтуынша, жастарды театрға тарту үшін көп монологтан гөрі, көп әрекет жасаса нәтижелі

болмақ. «Көрермен әншіден ән айтуды ғана емес, сонымен қатар би және қойылымда ойнай білуді күтеді. Демек, көркем шығармада 1-2 адамның тағдыры арқылы бүкіл қоғамдық мәселені көрсетуге болады. Өйткені көрерменнің талғамы қашан да биік. Сондықтан қазіргі әртістер көп іс-әрекетті қолдана білетін әмбебап болуы тиіс. Құрылғанмызға 5 жыл ішінде біз осы мақсатта жастардың көңілінен шығу үшін жұмыс атқарып келеміз» деді, - режиссер. Құрылғалы бері Қазақстанның барлық облыстарын аралап, өздерінің қойылым, пьесалары арқылы көрермендерін жаулап алған жастар театры Ресейге де барып, Н. Гогольдің «Ревизор» қойылымын жанаша формада қойып, өз өнерлеріне ресейліктерді таңғалдырған жас

тарландарының асар асуы, биікті бағындырары сөзсіз.

Кеш соңында Астана «Жастар» театрының актерлері «Махаббат миниатюрасынан» үзінді қойып, ҚазҰУ студенттерінің «Жеті муза» қоғамы, «Біз» студенттер театрының да өнерлері тамашаланып, сұрақтар қойылып, пікір алмас-ты. Студенттер тәрбиені алдағы уақытта «Астана жастар театрымен» байланысымыз әрі қарай нығайта түссін деген пікірлер де айтылды. Сөз соңында айта кететін бір ақпар, «Астана қаласы жастар театры» 21-26 сәуір аралығында М. Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театры сахнасында «Шөл үстіндегі өлі тыныштық...», «Ғайыптағы мәңгілік махаббат сазы», «Кармен» және т.б. қойылымдарын сомдамақ.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

САЙЫС

ТАРИХ ОЛИМПИАДАСЫ

«Тарихты білмей - өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», - деген белгілі ойшыл, ғұлама ғалым Әбу-Насыр әл-Фараби. Бүгінгі таңда бұл қағида өзінің өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан да әрбір тәуелсіз, дамыған мемлекеттердің бәрі де өз халқына, алдымен, жастарға тарихты оқытып үйретуге ерекше мән береді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих, археология және этнология факультетінде тарих мамандығы бойынша Республикалық студенттік пәндік олимпиада өтіп, республикамыздың әр аймағынан келген 1-2 курс студенттері тарих пәні бойынша білім сайысына түсті.

Республикалық студенттік пәндік олимпиадаға тарих мамандығы бойынша 9 команда бойынша 45 студент қатысты. Атап айтсақ: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің

кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде әр топ өз топтарын таныстырып, тест тапсырды.

Екінші кезеңде студенттер жана инновациялық технологияларды пайдалана отырып, «Қазақстанның та-

Қ. Нұрпейісов, Қ.Т. Жұмағұлов, Т. Омарбеков сынды ғалымдарымыздың ғылыми мұралары қарастырылып, студенттер өз ойларын ашық білдірді.

Олимпиаданың қорытынды нәтижесінде тарих мамандығы бойынша бірінші орынды ҚазҰУ-дың «Ақ Орда» командасы, екінші орынды Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Сарайшық» құрама командасы мен ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» командасы, үшінші орынды ҚазҰУ-дың «Жаңа ғасыр» мен «Еуразия» командалары иеленді. Орын алған жеңімпаздар Қазақстан Республикасы



«Сарайшық» құрама командасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих және археология, этнология факультетінен: «Еуразия», «Ақ Орда», «Жаңа ғасыр», «Эрудит» командалары, заң факультетінен «Тұран», «Жас тұлпар» командалары және Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Жалын» командасы (1 курс) қатысты. Олимпиада екі

рих ғылымына ерекше үлес қосқан ғалымдары тақырыбындағы жобалық жұмыстың презентациясын көрсетті. Орта ғасырлардан бастап қазіргі уақытқа дейін тарих ғылымына үлес қосқан ғалымдар: бабамыз әл-Фараби, XX ғасырдың басындағы қоғам қайраткерлері Х. Досмұхамедов, М. Тынышпаев, тәуелсіз Қазақстан тарихшылары

Білім және ғылым министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломымен марапатталды. Сонымен қатар жеңімпаздарға диплом, сертификаттармен бірге естелік сыйлықтар тапсырылды.

СҒЖЗ жетекшісі т.ғ.к., доцент
А.М. АЗМҰХАНОВА,
ЖФК жетекшісі т.ғ.к., доцент
Н.К. АЛПЫСБАЕВА

АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Профессор-ғалымдар абайтану ғылымының өзекті мәселелері бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талқылау мақсатында жақында алқалы жиында бас қосты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты қазасында аударма теориясы мен әдіснамасы кафедрасы мен қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының бірлесіп ұйымдастыруымен өткен "Абай және қазіргі заман" деген тақырыпта халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Конференцияда профессор Ә. Тараков кіріспе сөз сөйлесе, профессор Ж. Дәдебаев конференцияға қатысушыларды Абай институты вебсайтының мазмұнымен таныстырды. Вебсайтқа жайғастырылған Абай шығармалары мен абайтану саласындағы зерттеулердің байлығы мен жүйелілігіне конференцияға қатысушылардың көңілі толды. Профессор Ә. Әбдимаңұлы университет ұстаздары мен ғалымдарының абайтану ғылымы бойынша жүргізген зерттеулерінің нәтижелілігіне, жинақталған және Абай институтының ғылыми-ақпараттық журналы мен вебсайтында жарияланған еңбектердің

жалпы көлемі мен сапасына жоғары баға берді.

Тәжікстанның профессор А. Нұрәлиев онлайн шегінде Абай шығармашылығы және қазақ-тәжік әдеби байланыстары туралы келелі ойлар айтты. Профессор А. Ісімақова Абай институтының ғылыми-зерттеу жұмыстарының ғылыми және тәжірибелік маңызына, Абай шығармашылығын зерттеудің жаңа деңгейлеріне көңіл бөлді. Абай институты мен қазақ диаспорасы арасындағы байланыстарды нығайтудың мүмкіншіліктері туралы нақты ұсыныстар жасады. Профессор А.Хижазидің (Мысыр) Абайдың араб әлемінде танылуы мен пайымдалуы мәселесі жайын-

да араб тілінде жасаған баяндамасы абайтанудың мәдениетаралық өрісін кеңейтудің жаңа бағыттарына жол сілтеді. Докторант Ы. Палтөре осы мәселенің жаңа қырларын ашып, Абай шығармаларын араб тіліне аударудағы ізденістер мен іркілістер жайына тоқталды. Профессорлар З. Бисенғали, З. Сейітжанов, А. Жаксылықов, Т. Есембеков, Ж. Тілепов және тағы басқа зерттеушілер абайтану мәселелері бойынша өз зерттеулерінің басты нәтижелерін ортаға салды.

Конференцияға қатысушылар Абай институтында орындалған ғылыми-зерттеу жұмыстар нәтижелерінің «Абайтану» деген атпен көптомдық сериялық басылым түрінде дайындалғанын гуманитарлық ғылым саласында қол жеткен елеулі жетістік ретінде бағалады.

Ләйлә МҰСАЛЫ,
аударма теориясы мен әдіснамасы кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

ПАРТНЕРСТВО

Түркі тілдес елдердің Википедиалары Қазақстанда бас қосты



20-21 сәуір аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде түркі тілдес Википедиалардың халықаралық конференциясы өтті. Конференцияға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұртстан және Саха (Якутия) елдеріндегі вики-қауымдастықтардың өкілдері қатысты.

Сонымен қатар конференция жұмысына Wikimedia Foundation, Creative Commons, Open Software Foundation секілді халықаралық ұйымдар мен қозғалыстардың және «Google» компаниясының өкілдері қатысты.

Конференция барысында Википедия энциклопедиясының түркі тілдес тарауларының даму мәселелері жан-жақты талқыланды, сондай-ақ Creative Commons лицензияларын қолдану және оларды насихаттау мәселелері мен ашық лицензиялар мен ашық бағдарламаларды білім беру және ғылымды дамыту мақсатында қолдану тәжірибесінде кең әңгіме болды. «Google» компаниясының өкілдері арнайы сессия аясында түркі тілдеріндегі контентті арттыру үшін «Google» платформасын пайдалану мүмкіндіктерін талдап, «Google» аудармашыға жаңа тілдерді қосу жолдары туралы баяндады.

Түркі тілдес Википедиалардың халықаралық конференциясы «Қазақша Википедия» жобасының құрамдас бөлігі болып табылады. Аталған жобаның аясында Википедиядағы қазақша мақалалар саны бір жылға жетпес уақыт ішінде 7 мыңнан 126 мыңға дейін көбейсе, ай сайын қаралатын беттер саны орташа есеппен 200 мыңнан 5 миллионға дейін жеткен. Халықаралық вики-қауымдастық «Қазақша Википедия» жобасын 2011 жылдың үздік жобасы деп танылған.

Өз тілшімізден

БАҒЫТ

"Super English" курсы

Бірнеше тілді меңгеру – әлемдік мамандармен иық тіресу, бәсекеге қабілетті болу. Тарихи деректерге сүйенсек, екінші ұстаз 70-ке жуық ұлттың тілін жетік меңгерген, өшпес мұра қалдырған.

Жаңа Қазақстанның жастарға қояр талабы да - көп тіл меңгеру. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде полиглот жастарды қалыптастыру идеясы белсенді жүргізіледі. Яғни қазақ тілін жетік меңгерумен қатар шығыс тілдері, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту, үйрету күнделікті оқу үдерісінде басты орынға ие. Университеттің механика және математика факультеті жанынан ашылған ағылшын тілін оқытатын "Super English" атты курс жұмысы студенттердің тіл меңгеруге деген ынтасына зор қолдау танытады.

Аталған курста ең алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының аға оқытушылары, магистрлары, ғылым кандидаттары және Канада университетінің бизнес магистрі оқытушылары жұмыс атқарады. Оқытушылар іскерлік дәрежесін үнемі шетел университеттерімен байланысу арқылы және семинарлар мен конференцияларға қатыса отырып ұштайды.

Курс шәкірттері ағылшын тілін 6 деңгейлік әдіспен (Оксфорд материалдары негізінде) меңгереді, сонымен қатар магистр, доктор дәрежелеріне дайындау, шетел жоғары оқу орындарына түсу үшін IELTS, TOEFL бағдарламалары бойынша оқыту да көзделген. Курс коммуникативті әдіспен оқытуды алға қоя отырып аптасына бір рет ағылшын тілі маманымен тегін әңгімелесу де қарастырылған, яғни English Club түрінде жүзеге асады.

"Super English" курсы университетіміздің механика және математика факультетінің 209 бөлмесінде орналасқан. Тіл меңгеруге құлшынысыңыз болса, хабарласыңыз.

Ләззат МЕТОВА,
курс директоры

ИСПЕКЛИ МЫ КАРАВАЙ

II Международный форум «Роль студенческих общественных объединений в развитии молодежного самоуправления в вузах и регионах», который прошел 20-21 апреля в КазНУ им. аль-Фараби, начался с необычного кулинарного действа. Участники и гости за полчаса «приговорили» 11 - метровый яблочный пирог «Алматы».

Форум собрал лидеров студенческих организаций вузов и студенческих профсоюзов Казахстана, стран СНГ, Европы, а также представителей международных студенческих организаций. В on-line режиме к его работе подключились университеты США, Польши и Японии.

Основной миссией II Международного студенческого форума является содействие развитию студенческого самоуправления и профессиональных союзов, интеграция с международными и казахстанскими студенческими организациями и молодыми лидерами. Представители разных вузов поделились опытом студенческого самоуправления, презентовали собственные проекты и обсудили общие проблемы.

«Мы развиваем студенческое самоуправление в университете на основе социального партнерства. Студенты должны активно участвовать в нем, остро чувствовать свою ответственность за будущее страны. Очень важно участие студенческого самоуправления в контроле качества учебного процесса, в формировании молодого поко-



ления с активной гражданской позицией», - отметил в выступлении ректор КазНУ академик Ғалым Мутанов.

Студентка четвертого курса МГУ им. М.Ломоносова Александра Храмова рассказала, что их студенческий профсоюз работает по нескольким направлениям. «Мы проводим конференцию «Ломоносов», военно-патриотические и культурно-массовые мероприятия, развиваем международное сотрудничество, в том числе и с КазНУ им. аль-Фараби, осуществляем социальные проекты, работаем с детскими домами и интернатами».

Участники форума ознакомились с факультетами и экспозиция-

ми музея университета, совершили экскурсии по кампусу КазГУграда и достопримечательностям города Алматы.

В качестве приятного сюрприза всем участникам форума, а это более 1,5 тыс. студентов, достался кусочек ароматного яблочного десерта. Пирог вошел в книгу рекордов КазНУ. Сладкий десерт был испечен по инициативе комитета молодежных организаций вуза, а это более 100 объединений студентов. В будущем это лакомство станет традиционным угощением форума. На следующий год студенты возможно побьют 11-метровый рекорд.

Соб. корр.

Оқушы. Сертификат. Студент.



19 сәуір күні ҚазҰУ-дың мұражайында мектеп оқушыларына арналған жобаның жеңімпаздарына арнайы сертификатты Орталық Азиядағы ағылшын тілі бағдарламасының аймақтық директоры Горальд Самьюэлс тапсырды.

Оқушыларға ҚазҰУ арнайы қаржы бөліп, ағылшын елшілігі ұйымдастырған жобаға Алматы қаласынан 20 оқушы іріктеліп алынған. АҚШ-тан ағылшын тіл маманы Джен Миллер оқушыларға арнайы ағылшын тілі курсы оқытқан. 3 ай көлемінде

оқыған курс аясында оқушылар білімдерін шыңдады.

Сертификатты табыстау салтанатының соңында ағылшын тілінде өлеңдер оқылып, оқушылар алған білімдерінің нәтижесін көрсетті. Бұл сертификат өз кезегінде оқушылардың «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті» атануына үлкен мүмкіндік береді. Сондай-ақ салтанатты рәсімнің соңында оқушылар мұражайды аралап, естелік суретке түсті.

Өз тілшімізденц

■ МЕЙІРІМ

Жаутаңдатып, жылатпа

Көктемнің шуақты күндері жаңа бастамалар мен игі істерге қол бұлғап, шақырып тұрғандай. Қыстың сызы кетіп, шегіне бастаған шағында, жер жүзі көркейіп, сәуле шашып тұрған аспандағы күннің көзі бізге жылуын сыйлап тұрған шақта, айналаңдағы адамдарға көмек көрсетіп, жақсы істер жасау – жүректі жылытып, қашан да көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Осындай жарқын істердің бірі ретінде журналистика факультеті қоғаммен байланыс кафедрасының 1 курс студенттері Алматы қаласындағы №2 балалар үйіне барды.

Шараға ҚазҰУ оқытушысы, 105-ші топтың эдвайзері Шарипа Сыздыққызы жетекшілік етті. Алғашқы кездесуге кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен жасөспірімдерді өз құқықтарымен таныстыру, құқық бұзушылыққа барғандары үшін тартылатын жазаларымен ақпараттандыру мақсатында, ҚР ішкі органдарының қызметкері Досым Тұрсынханов шақырылып, балаларға дәріс оқыды. Дәрісте шылым шегу, спирттік ішімдіктер, қысым көрсету, есірткі заттарының зияны мен мұндай әрекетке барғандар тартылатын жауапкершілік жайында айтылып, балалар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарға жауап ала алды.


Өзім де осы іс-шараға қатысқан студенттердің бірімін. Балалар үйіне барып, оның тұрғындарының өмірімен танысу мен үшін өте маңызды әрі пайда-

лы шара болғандықтан, баратын күнімізді асыға күтіп жүрдім. Балалар үйінің жаңа ғимараты, жарық бөлмелері, оның жан-жағына отырғызылған гүлдер, қабырғаларға көптеп ілінген осында тұратын бүтін отбасының балаларындай болып кеткен жандардың күлімдей түскен суреттері жанымға ерекше әсер етіп, ойландырып толғандырған сезімдер ұялатқандай болды. Дәрістен кейінгі студенттер мен балалар арасындағы сұқбат барысында әр баланың өз алдына қойған мақсаттары мен ұстанымдары бар екенін аңғардық. Балалар қазақи тәрбие алып, қазақ тілі сабағын сұқбат жүргізуге арналған киіз үйлі арнайы бөлмеде өткізетінін де қуана атап өткім келеді. Кездесуден бәріміз көп сабақ, әсер алдық. Меніңше, Қазақ ұлттық университеті тек өз ісінің жақсы мамандарын даярлап қана қоймай, асыл істерімен танылатын азаматтарды тәрбиелеуде. Атам қазақ кім болса да, бастысы, адам бол, жақсылық жасап, өзгелерге үлгі болып жүруге тәрбиелеген, осыдан өсиет алып, бойымызға сіңіре өскен ұрпақпыз, мұның дәлелі – жетім балаларға көмек көрсету шарасы. Бұл – ғаламат істің бастамасы ғана. Алда да, талай игі жұмыстарды бірлесе жүзеге асыратынымызға сенім мол.

Камила ТҮСПОВА,
журналистика факультетінің 1 курс студенті

Табиғат аясындағы дәріс

Дидактикаға үңілсек, ұлы педагогтар баланы оқыту тек бөлме ішінде емес табиғат аясында, серуендеу сағаттарында да жүзеге асырылуын құптаған. Педагогиканың көш басындағы А. Макаренко, Я. Коменский, бергісі М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов еңбектеріндегі оқыту әдістемелері де оқушыға ілім-білім берудің алуантүрлі әдіс-тәсілдерін ұсынады. Осы орайда бүгінгі оқытушы-тәрбиешілері де білімгерлер көкжиегін кеңейтуде түрліше оқытуды қолданады.



Метеорология және гидрология кафедрасының оқытушылары табиғатта оқытуды кураторлық сағаттарына арнады. Оқытушылар А.С. Нысанбаева, Г.О. Орақова және Э.П. Қожаметова факультеттің 2 және 3 курс студенттерін және «Жас тур» клубының мүшелерімен бірге Алматы облысындағы ең тамаша экологиялық мекеннің бірі Шарын шатқалына барып қайтты.

Білім іздеп еліміздің әр өңірінен келген студенттердің көбісі бұл жапап жерге алғаш рет қадам басқандарын да жасырмады. Студенттер таңғажайып табиғи сұлулыққа таңданып, жақсы позитивті эмоцияға бөленді. Қазақстандағы Шарын көлінің бойымен 154 шақырымға созылып шатқалдың тарихи пайда болу жағдайларын студенттерге рекреациялық география және туризм кафедрасының аға оқытушысы А.Р. Жұмаділов айтып берді.

Экскурсия кезінде студенттер бес шақырымнан аса шатқалдың бір жотасынан екінші жотасына шығып, бір көзбен қарағанда көріне қоймайтын ең танқаларлық жерлерін тамашалап, табиғат көркемдігі туралы өз білімдерін жетілдірді. Метеорология және гидрология кафедрасының оқытушылары алдағы уақытта да студенттермен бірге табиғаты көрікті орындарға баруды әдетке айналдырмақ. Бұл, әрине, география ғылымдары мамандықтарында даярланып жатқан ізденушілер үшін қажет-ақ.

Э.П. ҚОЖАХМЕТОВА,
метеорология және гидрология кафедрасының аға оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а. – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар: Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Ағила ШУРИЕВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Татьяна ӘКІМОВА
Фототілші – Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс № 10235

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.